

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1470 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 17-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1019 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 8-бөлімінің 6.1 және 6.2-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті аумақтық бөлімшелерінің штат саны лимиттерінің шегінде мынадай мемлекеттік мекемелер:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Алматы қаласындағы оқу-әдістемелік орталығы;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Атырау қаласындағы оқу-әдістемелік орталығы құрылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - мекемелер) қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының біліктілігін арттыру болып белгіленсін.

3. Мекемелерді қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1133 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі мынадай мазмұндағы 31 және 32-тармақтармен толықтырылсын:

"31. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Алматы қаласындағы оқу-әдістемелік орталығы;

32. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Атырау қаласындағы оқу-әдістемелік орталығы."

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекемелердің жарғыларын бекітсін және олардың әділет

органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК